

РАБҒУЗИ ҚИССАСЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР МЕН КӨШПЕЛІ СЮЖЕТТЕР

Шығыстық қисса-дастан жанрын жан-жақты зерттеп, ғылыми еңбек жазған ғалым А.Қыраубайқызы: «Қисса-дастан жанрының өзіне тән дәстүрлі жүйесі, стилі, тұрақты желілері, қалыпты арнасы бар. Тұрақты желілерге: «Балаға зарығу», «Мінсіз кейіпкер», «Патшаның тастанды баласы», «Аң асыраған бала», «Түс көру», «Иранбақты іздеу», «Теңіз оқиғасы», «Жолдағы қауіп-қатерлер» (аждаһа, дию, маймыл, зәңгі, Төбекөзбен кездесуі), «Жазира арал», «Сарай салдырған қыз», «Бақ пен бағбан», «Сарайдағы патша әскерімен соғыс», т.б. жатады [1, 123 б.], - деп атап көрсетеді.

Ғалым А.Н.Веселевский мұндай ортақ сарын, сюжеттерді «көшпелі сюжеттер» деп көрсе, А.Егеубаев қазақ әдебиетінің ежелгі дәстүр мұраларындағы «көшпелі сюжеттер» туралы былай дейді: «көшпелі сюжеттер» хақындағы теориясы түркі дүниесінің әдебиетінде аса ежелгі дәуірлерден бері қаһармандық, ерлік, даналық жайлы туындылардың бәрінде дерлік байқалады. Көшпелі сюжеттердің негізінде мифологиялық аңыздар, ертегілер жатыр. Сол арқылы барып «көшпелі сюжеттер» берік заңдылық сипат алды. ... Көшпелі образ, көшпелі теңеу, көшпелі қанатты сөздер, көшпелі кейіпкерлер, тағысын тағылар... Бұл да көне түркі әдебиетінің рухани-көркемдік дәстүр-заңдылықтарын қалыптастырған шығармашылық арна [2, 57 б.].

Сөз арқауындағы Рабғузидің «Жүсіп Сыддық» қиссасында осы аталған желілер мен қалыпты «көшпелі сюжеттер» кездеседі. Осы қалыптасқан желілер Рабғузиден кейінгі әдебиетте де өз ізін қалдырды және тарихи тамырластық сілемдері анық байқалады.

«Мінсіз кейіпкер» желісі: Қиссада мінсіз кейіпкер – Жүсіп бейнесі арқылы беріледі. Жүсіптің оқушыны еліктірерлік, үлгі етерлік сипаттары бар. Ол – оның құмарлық жетегінде кетпей, әр нәрсеге адамгершілік тұрғысынан қарай білетіндігі, саналы қайраттылығы. Жүсіп бойында мінсіз кейіпкерге лайық елден ерекше он қасиет дарыған. Олар: шыншыл, жомарт, мейірімді, 72 тілді білу, жаннан асқан сұлу, түс жору, пайғамбарлық, ақыл, қылық, кешірімшіл секілді қасиеттер.

«Түс көру» желісі: Шығыс әдебиетінде «Түс көру арқылы сырттай ғашық болу не суреттен көріп ғашық болу» желісі кеңінен таралған. Ғашықтық қиссалардың бәрінде негізгі кейіпкерлер бірін-бірі түсінде көріп ынтық болады («Мың бір түн», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зухра», «Бозжігіт», «Жүсіп-Зылиха»). Ғашықтық туралы әлем әдебиетінде әр түрлі оқиғалар кездеседі, бірақ басқа бірде-бір елде өңінде емес, түсінде бірін-бірін көріп ғашық болып, өңіндегідей бірін-бірін іздеп табатын оқиға сирек. Осы сюжеттің түпкі архетипін іздесек А.Македонскийдің замандасы Хорес Метилинский (б.д.д. IV ғ.) жазып қалдырған оқиғасынан табамыз. Онда: Омарт патшаның қызы Одадита түсінде Мидия патшасы Гиптанның інісі Зариадры көріп, оған ғашық болады. Зариадрың түсіне де Одадита кіріп сұлуға деген құмарлық жігітті баурап алады. Әкесі қызын басқа біреуге күйеуге бермек болғанда, бұл жағдайды қыз түсінде сүйгеніне айтады. Ғашық жігіт скифтерше киініп, түнде сарайға келіп, Одадитаны алып қашады [3, 320 б.].

Осы оқиға талай жылдардан бері ғашықтық дастандардың өзегі болып келген. Демек, бұл сюжет – Шығыс топырағында туған, ежелден Орта Азия халықтарына мәлім сюжет. Жүсіпке түс жору қасиеті зынданда жатқан кезінде Алланың құдіретімен қонады. Жүсіп намаз оқып отырғанда Жебірейіл жеміс әкеледі де Жүсіптің ернінің үстіне дариды. Сол жеміс еріп, барлық тамырларына жайылады. Түс жоруды қасиеті осылай қонады.

Түс көру, оны жору салты өте-мөте көне замандардан келіп жеткен. Антика әдебиеттерінде Артемидордың «Түс жорығыш» атты кітабы жазылыпты. Ал әдеби шығармаларда б.з.д. екі мыңыншы жылдықтардағы "Гильгамеште" жазылған [4, 123 б.].

«Сарай салдырған қыз» желісі: Зылиха өзінің күтуші анасының ақылымен Жүсіпке арнап зәулім сарай салдырады. Зылиха мақсатына жету жолында бар мал-дүниесін құрбан етеді. Күтуші анасына 1000 алтын, 1000 мысқал жұпар, 1000 мысқал кафур және екі тон

береді. Кемпір бұларды жұмсап, арнайы сарай *соқтырады*. Ол үйді түрлі нақышпен безендіріп, айнадай жарық етті.

Қиссада Жүсіптің де жеті түрлі сарайы болады. Барлық қабырғалары алтын, күміспен әшекейленген, ағаштары ақықпен өрнектелген. Ол жеті түрлі сарайы түрлі-түсті нәрселермен әшекейленіп, безендірілген. Әуелгі сарайда Мысыр ұлықтары отырды, бұлардың баршасы жібек тонды, алтын белбеулі; жасылмен безендірілген екінші үйде бектер отырады; үшінші үйді қызыл әшекеймен безендіреді, онда батырлар отырады; төртінші үйді таспихпен безендірді, онда ақсақалдар отырады; бесінші үйді дала гүлдермен безендіреді, онда жұлдызшылар отырады, алтыншы үйді жұпармен безендірді, онда данышпандар отырады; жетінші үйді гүлдермен безендірді. Онда қызметшілерімен бірге алтын тақ құрып, өзі тақ үстінде отырады. Рабғузи қолданған бұл эпизод Әзербайжан ақыны Низамидің «Жеті ару» дастанындағы эпизодпен үндес, сарындас келеді. Дастанда Иран елінің патшасы Бағрам Гур жеті патшалықғың жеті ару қызына үйленіп, жеті аруға жеті түрлі сарай салдырады. Патша салдырған сарайлардың түсі де жеті түрлі, оларда тұратын арулардың түр-түстері де жеті түрлі болып келеді. Дастанда қоныр түсті сарайда - Үнді сұлуы, сары сарайда - Бағдат сұлуы, жасыл сарайда - Рум сұлуы, қызыл сарайда - Славян сұлуы, көк сарайда Мысыр сұлуы, сандал түсті сарайда – көшпелі дала сұлуы тұрады.

Сарай салдыру желісі «Фархад-Шырын» қиссасында да кездеседі. Онда жылдың төрт мезгіліне арнайы сарай салдырады. Ал, «Ер Бекзат» қиссасында патша алтыннан сарай салғызып, айналасын 40 кез биік қорғанмен қоршап, арыстан мен күзетші қояды.

«Өгей шешенің гашиқтығы мен қырсықтығы, әйел мекерлігі»: Бұл желі көптеген қисса-хикаяларда жиі кездеседі. Шығыс халықтарының ішінде арабтардың ертегілер жинағы болып келетін «1001 түн» әңгімелерінде әйелдің мекерлік қылықтары, олардың күйеулерінің көзіне шөп салған опазсыздығы туралы оқиғалар көп кездеседі. Олар «Ұлы патшаның екі ұлы», «Киік жетектеген кісінің әңгімесі», «Шала тас жігіттің әңгімесі», «Ұшпалы махаббат туралы әңгіме», «Кәнизактың әңгімесі», Бір сандыққа бес кісіні салған «әйел» атты әңгімелерде мекер әйел туралы оқиғалар жүйесінің жинақталған бірүлгісін көреміз. «1001» түн әңгімелерінің ізімен жырланған мұндай сюжеттер ақындар шығармаларында мол кездеседі. Мәселен, «Шәкір-Шәкірат» дастанында хашым патшасының әйелі өліп, екі ұлы жетім қалады. Кейін алған жас әйелі қырсық боп жабысады. Шәкірат аңға шығып кеткенде өгей шешесі Шәкірге:

Сен маған лайықтысың айналайын,

Қартайған сұм әкенді не қылайын

Сұм әкеңе у беріп өлтірейін,

Не қылсаңда да қасыңда мен тұрайын,-дейді [5, 123 б.б.].

Көнбеген Шәкірді патшаға жамандап, өлтіртпек болады. Зылиха да өзіне көнбеген Жүсіпке бәле жауып, бар кінәні өзінен алып, Жүсіпке жабады. Осылай Зылиха Жүсіпті зынданға тастауға себеп болады.

«Көйлекті қанға бояп көрсету» желісі: Қиссада Жақыптың балалары Жүсіпті қасқыр жеп қойды деп көйлегін қанға бояп қасына әкеледі. Осы желі «Қорқыт ата кітабында» да кездеседі. Онда Жалғаншы баласы қара ниет Жарташық суайт Бамсының көйлегін қанға бояп, Байындыр ханға әкеледі:

- Ей, бұл кімнің көйлегі?-деп сұраған Байындырға: «Байрақты қара сайдың басында өлтірген екен, соның айғағы осы, сұлтаным», -деді Жарташық.

Қанды көйлекті көрген бектер бұған нанып, өкіре-өкіре жыласып, айғай-шу, азан-қазан болды.

«Мәлік хасан» қиссасында: «Гүлбағрамның ағалары қызғанышпен Хасанды өлтірмекші болады. Оны құдыққа тастап, «дарияның жайыны жұтты» деп аталарына келеді». Бұл желі «Шәкір-Шәкірат» қиссасында да көрініс тапқан. Онда «өгей шешесінің жаласынан өлтіруге бұйырылған Шәкірді жендеттер аяп, босатады да, қойдың қанын көйлегіне жағып, өлтірдік» -деп патшаға алып барады.

«Ұрпақсыздық» желісі: Рабғузи қиссасына батырлық, лиро-эпостарға, барлық қиссаларға тән, ортақ мотив – ұрпақсыздық желісін кірістірген. Жақыптың қасқырмен кездесуінде, Жүсіптің Ніл жағасында шомылып жүргенде балықпен сөйлесуінде, Мәлік Дұғардың Жүсіппен қоштасар кезінде айтқан сөздерінде, Ғазиз Мысырдың Жүсіпті сатып алып, Зылихаға тапсырған кездердегі сөздерінде ұрпақсыздық сарыны көрініс табады.

«Әзәзіл» желісі: «Жүсіп Сыддық» қиссасында Адам атадан бұрын жаратылып, алдымен періште болып, кейін теріс қылығы үшін жазаға ұшырап, «Ібіліс» атанған шайтанның адамдарға тигізген зиянды әрекеттері кеңінен суреттеледі. Рабғузи қиссада Ібіліске ерекше көңіл бөліп, арнайы тоқталмағанымен, оқиғаның өн бойындағы дамуына, шиеленісуіне, шарықтау шегіне елеусіз түрде үлкен әсер етеді. Қиссада ол ең бірінші, Жақып балаларының қызғаныш сезімін қоздырып, ағаларын Жүсіпке қарсы қояды. Адам кейпінде келіп, дауласып жатқан ағаларына ақыл айтады.

Шайтан адамдарды алдау-арбау үшін кез-келген формаға ене алады. Адамның көзіне көріну-көрінбеу де өз еркінде. Мақұлұққа берілген 999 жаман қасиет тұтасымен бойына сіңірілген [6, 50-52 б.б.]. Қиссада ол бір қарт адам бейнесінде келіп, оларға Жүсіп сендерді құл қылмақ ойы бар: «Жүсіпті өлтіріңдер не өзін алыс жерге апарып тастандар. Сонда құс, қасқыр жейді. Ағаларының «Жүсіпті өлтірсек атамызға жазықты, Аллаға күнәар болмаймыз ба»-, деген сұрақтарына бұл істі бітірген соң, тәубаға келіндер. Сендерді Алла кешіреді деп, оларды азғырады. Осылай оқиғаны шиеленістіріп, Жүсіптің біршама уақыт құдықта жатуына себепші болады.

Екінші шайтан Зылихамен жолдас болып, Жүсіпті азғыруға итермелейді. Бұл эпизод Жүсіп басындағы оқиғаны одан әрі шиеленістіре түседі. Зылиха өзінің талап-тілегін орындамағаны үшін Жүсіпке бәле жабады. Жүсіптің зынданға түсуіне себепші болады. Үшінші, зынданда жатқан Жүсіптің басындағы жағдайды одан күрделендіре түсіп, шарықтау шегіне жеткен тұс – Жүсіптің Алладан медет тілемей, жүзімшіден көмек сұрауы. Жүсіптің ойына жүзімшіден көмек сұрауды салған да шайтан болатын. Сондықтан Жүсіп жүзімшіге: «Сен патшаға жақын болғанда мені есіңе ал», - дейді. Бірақ Алла тағала өзінен көмек күтпей, жүзімшіден көмек күткені үшін өзінің құдіретімен және кереметімен шайтан арқылы жүзімшіге Жүсіптің тілегін ұмыттырады. Осылай Жүсіп жеті жыл зынданда жатады.

Шайтанның адамзатқа өшігіп, жақсылыққа жаны қас болу себебі түрлі аңыздар мен діни кітаптарда айтылған. Солардың бірінде періштелер мен Адам ата салыстырылып, періштелер атай алмаған зат атауларын Адам айтқаны, содан кейін Жаратушының періштелерге Адамға бас июді бұйырғаны баяндалады. Осы орайда барлық періштелер мойынсұнғанда оттан жаралған өзін топырақтан пайда болған Адамнан жоғары санайтынын мәлімдеп, Ібілістің көнбегені, сонысы үшін жазаға ұшырағаны келтіріледі. Кейін жаза өтеу мезгіліне шегеру болғанда Ібіліс бұдан кейін адамдарды алдай түсетінін мәлімдейді. Бұл жөнінде құнды мәліметтерді Б.Сағындықұлының кітабынан табуға болады [6]. Түркі ақындары да өз туындыларында адамды азғырушы шайтанның бар екенін үнемі ескертіп отырған.

Мәселен, Жүсіп Баласағұнда:

«Бір жау – тән, екінші – жан құмары,
Осы екі жау алдап, құртып тынады.
Үшінші – шайтан діннің ұрысы –
Хақ сақтасын зиянынан, дұрысы».

Қожа Ахмет Йасауиде:

Түзу жолдан бұрылып, қисық жолға ауысқан,
Шайтан сұмға үйір боп шалғайына жабысқан.
Шайтан лағнет азғырып діннен бұзар,
Өз жолына түсіріп милау қылар.

Ал Абайда:

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,

Періште төменшіктеп, қайғы жемек,
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек.

Түркі акындарының өлеңдерінен байқағанымыз – адамды ақ жолдан адастырушы шайтан деп, тек соған күнә артудың орынсыздығы. Басты қатер азғырушы сыртқы күш, шайтан емес, оған еруге бейім тұратын адамның өзінің осалдығы, ішкі қайшылығы деген идеяны алға артады. Орта ғасыр ғұламаларының ойлары Құранның 15-Хыжыра сүресімен орайлас, үндес келеді.

Шайтанның адамзат баласына тигізер зияндығы туралы академик Ғ.Есім өзінің философиялық көзқарасын былай білдіреді: «Шайтанның ең ұнатқан, ұялаған жері – адам баласының нәпсісі. Себебі нәпсі ақыл, санаға ырық бермейтін, адамның өмірге құштарлығынан туатын құйтұртқы сезім. Нәпсіге ие болып, оны тоқтату үшін адамзаттың ойлап таппаған айласы қалмады. Нәпсіні жеңіп, тақуалық жолына түскендерді бар елде «әулие» деп пір тұтқан. Сонда нәпсіні жеңу адамның өз бойындағы шайтандықты жеңіп, одан айрылу, бұл осал шаруа емес [7, 94–95 б.б.]..

Рабғузи әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы сияқты құбылыстарды ислам дінінің шарттары арқылы түсіндіруге әрекет жасап, халықты ізгі әдеттерге, адамгершілікке үндейді.

Әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы туындының автор өмірдегі шындықты көркем шындық (жинақтау) тәсілімен береді. Рабғузидің қиссаларындағы оқиғалар желісінде шайтанның ықпалдарын бейнелеу арқылы адамзат ортасындағы құбылыстарды көркемдік жинақтау, поэтикалық астарлау сырларымен ұқтыруға тырысады. Бұл осы қиссаның шынайы реалистік болмысын айқындай түседі.

Қиссадағы дәстүрлі ерекшеліктер қазақ әдебиетіндегі діни-философиялық сарындағы қисса-дастандардың ортақ сипаттарынан тараған. Шығыс әдебиеттеріндегі дәстүрлі жүйелердің аталған атаулар мен жырлануы эпикалық шығармалардың романтикалық болмысын бейнелейді. Рабғузи қиссасындағы көшпелі сюжеттер, аңыз кейіпкер, түс көру, көйлекті қанға бояп көрсету, эззілдік, сұлулық желілері – бәрі де қисса сюжетіндегі оқиғалардың ішкі мағыналық тұтастығын құрайтын бөліктер. Басты кейіпкердің сыртқы көркем бейнесі мен ішкі жандүниесі сұлулығы тұтасқан тұлғасы арқылы адамзат қауымын тәрбиелеу мұраты айқындалады. Құран сүресіндегі сюжеттің әлем халықтарына кең таралып кетуінің де мәнісі осы болса керек.

«Көшпелі сюжеттер» шарты әсіресе, ежелгі түркі дүниесінің аудармаларында ерекше заңдылығымен көрінеді. Ол ауыз әдебиеті шығармаларына, халық әдебиетіне, тарихи жырлар мен аңызға дейін қанат жайған. Бір жағы Орта Азия халықтарының әдебиетінде берік қалыптасқан нәзирашылдық дәстүрі де соның бір заңды себепкері болғандай. Сюжеттік желілердің дәстүрлі дәрежеде қайталанып, түрленіп отыруы жалпы әдебиетке тән заңдылық десек, оның түркі мәдениетіндегі көрінісі өзінше көркем бір әлем».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыраубайқызы А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Рауан. 1997. – 140.
2. Егеубаев А. Кісілік кітабы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.
3. История всемирной литературы. В 9-ти томах. – Т.2. – Москва: Наука, 1984, - 586
4. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Қазақ университеті, 1999 ж. – 140 б.
5. Қисса-дастандар: Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 336 б.
6. Б.Сағындықұлы Мүсірбай Телеу. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.
7. Есімов Ғ. Хакім Абай: даналық дүниетанымы. – Алматы: Жалын баспасы, 2002. – 270 б.

Аннотация: Мақалада Шығыстық қисса-дастандардың жанрын өзіне тән дәстүрлі жүйесі, стилі, тұрақты желілері, қалыпты арнасы қарастырылған. Тұрақты желілерге: «Балаға зарығу», «Мінсіз кейіпкер», «Патшаның тастанды баласы», «Аң асыраған бала», «Түс көру», «Иранбақты іздеу», «Теңіз оқиғасы», «Жолдағы қауіп-қатерлер» (аждаһа, дию, маймыл, зәңгі, Төбекөзбен кездесуі), «Жазира арал», «Сарай салдырған қыз», «Бақ пен бағбан», «Сарайдағы патша әскерімен соғыс», т.б. жатадығы сөз болады.

Сөз арқауындағы Рабғузидің «Жүсіп Сыддық» қиссасында осы аталған желілер мен қалыпты «көшпелі сюжеттер» кездеседі. Осы қалыптасқан желілер Рабғузиден кейінгі әдебиетте де өз ізін қалдырды және тарихи тамырластық сілемдері анық байқалады.